Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
«№28 Абылай хан ЖОББМ» КММ

# Әдістемелік кеңес хаттамалары

02-10

2023-2024 оқу жылы басталды
____________аяқталды

Scanner App Lite

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылы „№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

Әдістемелік кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

„№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ 29.08.2023ж әдістемелік отырыс болып өтті

Қатысқандар: 122 мұғалім

Қатыспағандар: 1 мұғалім

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы Әдістемелік нұсқау хатпен, үлгілік оқу жоспарының ерекшеліктері мен оқу бағдарламалары ерекшеліктерін таныстыру

/Баяндамашы: ДОІЖО Н. Дағанбоева/

2. Әдістемелік жүйе құру, жас мамандарға тәлімгер бекіту, диагностикалық топ пен шығармашылық топты құру, бірлестік жетекшілерін бекіту туралы

/ДОІЖО Сатымбекова Г/

3. „Пән апталықтарының кестесін бекіту

/ДОІЖО Сатымбекова Г/

4. Педагогикалық-психологиялық қолдау туралы ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру

/Мектептің педагог-психологы Н. Нартаева

Scanner App Lite

5 Баяндама „Сабақта АКТ-ны тиімді пайдалану және сабақта қолдануға қолжетімді платформалар”

/Баяндамашы; Информатика пәні мұғалімі - Алишев С /

Алғашқы сөзді ДОІЖО Г Сатымбекова сөйлеп, мұғалімдерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, күн тәртібіндегі мәселелер мазмұнымен таныстырды және

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н Даланбаева сөзге шығып, 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып, оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда-34 оқу аптасын құрайтынын атап өтті.

Сонымен қатар;

-1-2 сыныптарда „Еңбекке баулу” және „Бейнелеу өнері” пәндері, 3-4-сыныптарда-„Көркем еңбек” кіріктірілген пәні оқытылады.

-Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында „Әліппе”, „Ана тілі” пәндері оқытылады, 2-сыныбында „Орыс тілі” пәнін оқыту басталады.

-Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1сағатқа артады.

-Негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлеріне

Scanner App Lite

академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.
-Жаратылыстану білім беру сапасын арттыру:
жаратылыстану проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.
- Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.
- Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.
Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту.
- Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту,
„Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығын құру
- Педагогтерге арналған „Цифрлық кітапхана" жобасын жүзеге асыру.
- „Үздіктен үйрен" жобасын іске асыру:
„Үздік педагог" байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу-
„Білім берудегі өзгертудегі 1000 көшбасшы" республикалық кадрлық резервтің деректер қорын жасау туралы айтып өтті.

Scanner App Lite

-Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 12.08.2022ж. №365; 30.09.2022ж. №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген „Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына" сәйкес білім беру ұйымдары үлгілік оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бойынша құрамына кіретін және нақты бір ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының Үлгілік оқу жоспарына және ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген

Scanner App Lite

2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім берудің оқу жүктемесінің ерекшеліктерін қамтиды, оның ішінде:

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

- оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда „Қазақ тілі" пәнінің оқу жүктемесі 2, 4-сыныптарда 1-сағатқа (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 9, 12-қосымша https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916); сілтемені қосыңыз.
- оқыту қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптарда „Жаратылыстану" пәнінің оқу жүктемесі 3-4-сыныптарда 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8, 9, 10, 11, 12-қосымша https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916) сілтемені қосыңыз.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша:

- оқыту қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілінде жүргізілетін сыныптарда „Жаратылыстану" (5-6 сыныптарда), „Алгебра", „Физика", „Химия", „Биология", „Қазақстан тарихы" пәндерінің (7-9-сыныптарда) оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрі

Scanner App Lite

нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 13, 14, 15, 16, 17-қосымша http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916) сілтемесі қосылды.

Вариативтік компонент бойынша:

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз етуге арналған оқу пәндерінің комбинациялары 1 сағат көлемінде оқытылады.

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша:

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес „Физика", „Химия", „Биология" пәндерінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығына 38, 40 қосымшалар)

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (тереңдетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына сәйкес:

- „Алгебра және анализ бастамалары" пәнінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді;
- таңдау пәндері (тереңдетілген деңгей): „Шетел тілі", „Дүниежүзі тарихы", „География", „Құқық негіздері" пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды.

Scanner App Lite

- таңдау пәндері (стандарттық деңгей): „Физика", „Химия", „Биология", „Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж. №412 бұйрығына 18, 20, 22, 26 қосымша https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916) сілтемені ұсынды.

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (тереңдетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына өзгеріс:

- „Алгебра және анализ бастамалары" пәнінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді;
- таңдау пәндері (тереңдетілген деңгей): „Шетел тілі", „Дүниежүзі тарихы", „География", „Құқық негіздері" пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды.
- таңдау пәндері (стандарттық деңгей): „Физика", „Химия", „Биология", „Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәндерінен 10-11 сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж. №412 бұйрығына 19, 21, 23, 24, 25 қосымшалар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916) сілтемені ұсынды.

Білім беру ұйымдары білім беру

қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қолданады (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767) сілтемесі ұсынады.

Алдағы оқу жылында оқу бағдарламаларындағы өзгерістер тек 2-сыныпқа ғана қатысты атап айтқанда:

-1-2-сыныптарда „Көркем еңбек" кіріктірілген пәнінің орнына „Еңбекке баулу" және „Бейнелеу өнері" пәндерін жеке оқыту жалғасады (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1,2,3 қосымшалар http:adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029136#z218);

„Цифрлық сауаттылық" пәнін оқыту жалғасады (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1,2,3-қосымшалар http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029136#z218); „Шетел тілі" пәні оқытылмайды.

Қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын 2-сыныпта „Орыс тілі" пәнін оқыту енгізілетінін айтып өтті.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарға 33-оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте 5-11 (12)-сыныптар үшін сенбі күндері сабақтар, қосымша сабақтар өткізуге болатынын айтып өтті.

Каникул кездерін ерекше атап өтті:

1-тоқсан - 8 апта, күзгі демалыс - 7 күн
(30 қазан - 5 қарашамен 2023 ж қоса алғанда)
2-тоқсан - 8 апта, қысқы демалыс - 10 күн
(29 желтоқсан - 7 қаңтар 2024 ж қоса алғанда)
3-тоқсан - 10 апта, көктемгі демалыс - 11 күн
(21 наурыз - 31 наурыз 2024 ж) қоса алғанда,
1 сыныптарда қосымша демалыс - 7 күн
(5 ақпан - 11 ақпан 2024 ж)
4 тоқсан - 8 апта (1 ақпан - 25 мамыр 2024 ж)

Жарыс сөзге бастауыш сынып пәні мұғалімі А. Асқарова сөзге шығып, 1 сыныпта балаға өз ана тілін үйретіп, сосын өзге тілді қосу керектігін дұрыс деп санайтынын айтса, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі А. Елтаева шығып, оқушыларға қосымша сабақтар жүргізе отырып, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандырып, оқушылардың білім сапасын арттыруға арналған сабақтарды өткізуге болатынын

Scanner App Lite

мақұлдады.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Б. Сатылбекова сөз сөйлеп, әдістемелік жұмыспен таныстырды.

1. 2023-2024 оқу жылында әдістемелік жұмыстарды жүйелі жүргізу мақсатында әдістемелік кеңес құру туралы және кеңес мүшелері мына құрамда бекітілді.

1. Г. Сатылбекова - оқу ісінің орынбасары - ӘК төрайымы
2. Н. Доланбаева - оқу ісінің орынбасары - ӘК мүшесі
3. С. Айбатыров - математика пәні мұғалімі ӘК мүшесі
4. А. Елтаева - қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі - ӘК мүшесі
5. Ж. Жүнісова - тарих пәні мұғалімі - ӘК мүшесі.
6. А. Асқарова - бастауыш сынып мұғалімі ӘК мүшесі
7. А. Назар - ағылшын тілі пәні мұғалімі - ӘК хатшысы

2. Жас мұғалімдерге теориялық және әдістемелік көмек көрсету мақсатында „Жас мұғалімдер мектебі" жетекшісі етіп бастауыш сынып мұғалімі Г. Лесова мен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Р. Бейсекова бекітілді. Жас мамандарға тәлімгерлік жасау мақсатында төмендегі тәжірибесі мол

Scanner App Lite

ұстаздар тәлімгер етіп бекітілді.

1. Қойшыбек Ж - жетекшісі Г. Акишева ағылшын тілі пәні мұғалімі
2. Мамбеталиев А - жетекшісі Р. Бейсекова орыс тілі пәні мұғалімі
3. Бердібай А - жетекшісі А. Назар ағылшын тілі пәні мұғалімі
4. Мақатай Б - жетекшісі А. Истаева математика пәні мұғалімі
5. Роман Ж - жетекшісі Г. Муханова математика пәні мұғалімі
6. Тастанбекова В - жетекшісі А. Мусабаева ағылшын тілі пәні мұғалімі
7. Әділ Б - жетекшісі С. Алишев информатика пәні мұғалімі
8. Омар Н - жетекшісі Г. Исаева тарих пәні мұғалімі
9. Жолдасбеков Б - жетекшісі А. Одилов тарих пәні мұғалімі
10. Иманова К - жетекшісі Г. Сламкулова орыс тілі пәні мұғалімі
11. Одилова М - жетекшісі Ю. Пирманова ағылшын тілі пәні мұғалімі
12. Адилова Ж - жетекшісі Ж. Муханова көркем еңбек пәні мұғалімі

3. 2023-2024 оқу жылында озық педагогикалық тәжірибелер мен инновациялық технология-ларды, интерактивті әдістерді сабаққа енгізу үшін мектеп мұғалімдеріне әдістемелік жәрдем беру мақсатында жәрдем беру мақсатында ОТМ құрылды.

1. Ж. Нартаева - ОТМ жетекшісі
2. Г. Агабекова - ОТМ мүшесі
3. М. Дорібекова - ОТМ мүшесі

Scanner App Lite

4 Г. Сатыпбекова - ОТМ мүшесі

5. К. Мусакулова - ОТМ мүшесі

6. Х. Имесбаева - ОТМ мүшесі

7. А. Исмаева - ОТМ хатшысы

4. 2023-2024 оқу жылында пәндердің оқу әдістемелік бірлестіктері құрылды

ӘБ жетекшілері етіп төмендегі мұғалімдер бекітілді

1. Өтенбаи Ч және Асембаева Т- бастауыш пәндер ӘБ жетекшілері
2. Муталова Г. - математика пәндері ӘБ жетекшісі
3. Ж Түнісова - тарих, география, құқық пәндері ӘБ жетекшісі
4. Б Тариебаева - орыс тілі пәндері ӘБ жетекшісі
5. Муталова Қ - технология, бейнелеу, музыка пәндері ӘБ жетекшісі
6. Б. Тарпиева - химия, биология пәндері ӘБ жетекшісі
7. А. Елтаева - қазақ тілі және әдебиеті пәндері ӘБ жетекшісі
8. Д Тирманова - ағылшын тілі пәні ӘБ жетекшісі
9. Тоянов Е - дене тәрбиесі пәні ӘБ жетекшісі

5. Мектеп мұғалімдері және оқушыларды түрлі шығармашылық бағытта жұмыс жасауға бағыт бағдар беретін ұстаздардың шығармашылық топ құрылды. Шығармашылық топ мүшелері төмендегі құрамда бекітілді.

1. З. Әскарова - Шығармашылық топ жетекшісі.

Scanner App Lite

2. Г. Муалова - Шығармашылық топ мүшесі;
3. А. Байсопиева - Шығармашылық топ мүшесі;
4. А. Елтаева - Шығармашылық топ мүшесі;
5. А. Одилов - Шығармашылық топ мүшесі;
6. Г. Тоқсанбаева - Шығармашылық топ мүшесі;
7. Ч. Аманова - Шығармашылық топ мүшесі;

6. Оқу-тәрбие жұмысындағы олқылықтарды жою мақсатында диагностикалау мобильдік тобы құрылды. Диагностикалау тобының төрайымы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Доланбоева бекітілді.

Мүшелері төмендегі мұғалімдерден құрылды.

1. Айбатыров С. - математика пәні;
2. Нартаев Б. - информатика пәні
3. Агабекова Г. - физика пәні
4. Асқарова З. - қазақ тілі мен әдебиеті пәндері
5. Наван Г. - химия, биология пәндері.
6. Пернебаева Б. - орыс тілі мен әдебиеті пәндері
7. Пирманова Д. - ағылшын тілі пәні
8. Өтенбай Ч., Нартаева Г., Асембаева Т. - бастауыш сынып пәндері
9. Жүнісова Ж. - тарих пәні
10. Сүйеркулова Е. - география пәні
11. Таянов Е. - дене шынықтыру пәні
12. Муалова Г. - технология пәндері бойынша диагностикалау жұмыстары бойынша жүргізілетінін айтты.

Scanner App Lite

Мектеп ұжымы бірауыздан келісіп, мектептің әдістемелік жүйесі құрылды.

Үшінші мәселе бойынша ДОІЖО Г. Сатылбекова сөз сөйлеп, пән апталықтарын өткізу мерзімін талқылады. Ұжым ішінде талқыланып, төмендегідей пән апталықтарын өткізу кестесі бекітілді.

Мақсаты:

Оқушылардың танымдық-шығармашылық ойлау әрекетін қалыптастыру жолындағы оқу-тәрбие үдерісін сапалы ұйымдастыру

| № | Пәндер | мерзімі | жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 11.09.23-22.09.23 | А. Елтаева |
| 2 | Дене шынықтыру | 25.09.23-06.10.23 | Е. Таянов |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 16.10.2023-28.10.23 | Б. Пернебаева |
| 4 | Физика және информатика | 13.11.23-24.11.23 | Г. Агабекова |
| 5 | Бастауыш сынып | 27.11.23-08.12.23 | Ү. Өтенбай<br>Т. Асембаева |
| 6 | Тарих және география | 11.12.23-22.12.23 | Ж. Жүнісова |
| 7 | Ағылшын тілі | 15.01.24-26.01.24 | Д. Пирманова |
| 8 | Математика | 05.02.24-16.02.24 | Г. Муалова |
| 9 | Бастауыш сынып | 26.02.24-07.03.24 | Ү. Өтенбай<br>Т. Асембаева |
| 10 | Технология, бейнелеу, ән-күй | 04.03.24-15.03.24 | Ұ. Муалова |
| 11 | Химия және биология | 08.04.24-20.04.24 | Б. Партиева |
| 12 | Тәлімгер апталығы | 22.04.24-26.04.24 | А. Джураева |
| 13 | Кітапханашылар апталығы | 06.05.24-17.05.24 | Э. Шертаева |

Scanner App Lite

Жарыс сөзге физика және информатика пәні мұғалімі Г. Агабекова сөзге шығып, апталықты оқушының білімін арттыруға арналған іс-шараларды көбірек қолдану туралы айтты және апталықты уақытылы өткізу туралы сөйледі.

Төртінші мәселе бойынша Информатика сабағында АКТ-ны пайдаланудың тиімділігі-баяндамасы- информатика пәні мұғалімі Алишев С өз баяндамасының аясында- Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе- білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының „Білім туралы" Заңында: „білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды дамыту үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдар коммуникациялық желілерге кіру"-деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру

Scanner App Lite

жүйесінің алдында оқыту үрдісін техноло-
гияландыру мәселесін қойып отыр.
Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-
білікті қабілетті маман дайындау.
Мектеп-үйретушілік орта, оның жүйелі-мұғалім
Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығын-
дағы ерекше түс-оның сабақты түрлендіріп
тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Нарық
жағдайындағы мұғалімге қойылатын талап-
тар: білікті қабілеттілігі, білім беру
сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі,
әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.
Нәтижеге бағытталған білім моделі
мен басқарудың жаңа парадигмасы
аясында жекелеген ұғымдар мен норма-
ларды және тиімді педагогикалық техноло-
гияларды меңгеру үшін педагогтардың
кәсіби міндеттерін дамытуға бағытталған
оқу қажеттіліктері туындалап отыр.
Мұғалімдерге қойылатын талаптардың
бірі- оқытудың жаңа технологияларын
меңгеру. Осындай аса қажетті технология-
лардың бірі -ақпараттық -коммуникациялық
технологияларды (бұдан кейін АКТ)
пайдалану. АКТ-ны игеру қазіргі заманда
әрбір жеке тұлға үшін қажетті шарт-
қа айналды. АКТ-ның даму кезеңінде
осы заманда сай білімді шәкірт

Scanner App Lite

тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етуі керектігін айтып өтті.

Білім беру саласындағы көп қолданыста тұрған АКТ құралдары:

- Компьютер, Ноутбук
- Проектор
- Интерактивті тақта
- Мультимедия
- Интернет кеңістігі
- Электронды оқулық

Әр түрлі дағдыларға негізделген әдіс-тәсілдер қолданды.

Түсіну

Мұғалім оқушының тиімділігін арттыратын жасанды интеллект құралдары:

> Nearpod.com - онлайн платформа
> Magic School.ai - ақылды көмекші
> Jeda.ai - онлайн тақта "Recip Maker"
> Conker.ai - викторина, тест
> Movio.ia - сөйлейтін аватар жасау
> Copilot - сабақ жоспарын жасау
> Sendsteps - презентация жасаушы
> Magic Slides - презентация жасаушы

Scanner App Lite

> Curipod.com - интерактивті материалдар
> Media.io - медиафайлдарды жақсарту

қолдану

Практикалық жұмыстар:

TopIQ - электронды оқулық платформасы

Smk.edu.kz - жүйелі-әдістемелік кешен

АКТ-ның негізгі мақсаты - оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ-ны пайдалану мен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет-ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылыққа білетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ-ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижесі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында

Scanner App Lite

оқушылардың өзінің жан-іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы /тақырыпты қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш-карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Оқытудың АКТ және оларды қолданудың мүмкіндіктері В.С. Герушинский, В.М. Левина, Е.И. Машбиц, Г.Н. Нургалиева т.б. ғалымдарының еңбектерінде зерттелген. Аталған еңбектер білім беру процесінде АКТ-ны қолданудың психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. АКТ білім мен мәліметтерді әр түрлі формада, әр түрлі күрделі деңгейде ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге, қолайлы жолдамдық пен бірнеше рет қайталап отыруға мүмкіндік береді. Білім беру процесінде табиғи және әртүрлі лабораториялық жағдайда ... қол жетпейтін көрнекіліктерді

Scanner App Lite

пайдалануға, мотивацияны жоғарылататын материалдарды жақсы меңгеруге көмектесе алады.
Қорыта айтқанда, АКТ-ны білім беру процесінде қолдану білімнің жаңа сапалық деңгейіне қол жеткізеді, өйткені бұл потенциалды АКТ-ның мәнінде екендігін айтты.
Жарыс сөзге география пәні мұғалімі М. Омиралиева сөзге шығып, білім сапасын арттыруға, сабақты қызықты өтуге арналған платформаларды қолданып жүргенін, оқушыны сабаққа қызықтыра үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты әлдеқайда жеңілдегенін айтты. Қолдануға кеңес берді.
Отырысты қорытындылай келе әдістемелік кеңес төрайымы Г. Сатылбекова әдістемелік нұсқау хат негізінде жұмыс жасап, оқушыға сапалы білім беру қажеттігін айтты.

Шешім:

1. Әдістемелік нұсқау хат негізінде 2023-2024 оқу жылының жұмысы жүргізілсін
2. 2023-2024 оқу жылында пәндік апталықтардың, педагогтердің кәсіби конкурстарын, семинарларды өткізу кестелері бекітілсін.

3. 2023-2024 оқу жылында пәндік апталықтардың, педагогтердің кәсіби конкурстарын, семинарларды өткізу кестелері бекітілсін
4. Әдістемелік жүйе негізінде әдістемелік бірлестіктерінің жұмыс жоспарлары толық көлемде бекітілсін
5. Ата-аналармен педагогикалық-психологиялық қолдауға арналған іс шаралар жоспары жасалынып, мектеп психологтарымен бірлескен жұмыс жүргізілсін
6. Сабақта АКТ мен қолжетімді платформаларды тиімді қолдану қолға алынсын.

Ж торағасы: Сатымбекова Г.Б.
Хатшы: Н.А Назар А.М.

Scanner App Lite